

Республикалық бюджеттен қаржыландыру есебінен мемлекеттік білім беру тапсырысын конкурстық негізде орналастыру туралы нұсқаулықты бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2004 жылғы 21 сәуірдегі N 341 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2004 жылғы 5 мамырда тіркелді. Тіркеу N 2836. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 24 маусымдағы N 311 бұйрығымен.

Күші жойылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 2009.06.24 N 311 бұйрығымен.

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білімді мамандар даярлау тиімділігін арттыру және республикалық бюджет қаражытының мақсатты пайдаланылуын қамтамасыз ету мақсатында бұйырамын:

1. Қосымшалар бекітілсін:

1) Республикалық бюджеттен қаржыландыру есебінен конкурстық негізде мемлекеттік білім беру тапсырмасын орналастыру туралы нұсқаулық (бұдан әрі - Н ұ с қ а у л ы қ) ;

2) Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білімді мамандар даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру конкурсына қатысу үшін конкурстық құжаттамалардың тізбесі.

2. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаменті (Б . Ә б д і р ә с і л о в) :

1) осы бұйрықты белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге ұсынсын;

2) 2004 жылғы 1 маусымға дейін Конкурстық комиссияны»(бұдан әрі - Комиссия) құрамы бойынша ұсыныстар берсін;

3) Нұсқаулыққа сәйкес Комиссияның жұмысын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың»орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді.

Министр

"Республикалық бюджеттен қаржыландыру есебінен конкурстық негізде мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру туралы нұсқаулықты бекіту туралы"
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Білім және ғылым министрінің
2004 жылғы 21 сәуірдегі
№ 341 бұйрығымен бекітілген

Республикалық бюджеттен қаржыландыру есебінен конкурстық негізде мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру туралы нұсқаулық 1.

Жалпы ережелер

1. Осы Нұсқаулық (бұдан әрі - Нұсқаулық) білім беру саласындағы орталық атқарушы органның қызметін республикалық бюджеттен қаржыландыру есебінен конкурстық негізде мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру жөніндегі қызметін іске асыруға бағытталған және "Білім туралы"»Қазақстан Республикасының Заңына және білім беру саласындағы басқа да нормативтік құқықтық кесімдерге сәйкес әзірленген.

2. Жоғары кәсіптік білімді мамандар даярлауға арналған білім гранттары түріндегі (бұдан әрі - мемлекеттік білім гранттары) мемлекеттік білім беру тапсырысы, жоғары кәсіптік білімді мамандар даярлау сапасын және оларға деген салалық және өңірлік сұраныстарды ескере отырып, мемлекеттік аттестаттаудан өткен жоғары оқу орындары арасында конкурстық негізде орналастырылады.

3. Жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білімді мамандар даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы, мемлекеттік аттестаттаудан өткен, ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрлар даярлау тиімділігін, сондай-ақ оларға деген салалық және өңірлік сұраныстарды ескере отырып, жоғары оқу орындары және ғылыми-зерттеу ұйымдарының арасында конкурстық негізде орналастырылады.

Мемлекеттік емес ғылыми ұйымдардың мемлекеттік аккредитациясы болуы тиіс.

2. Конкурсты ұйымдастыру

4. Республикалық бюджеттен қаржыландыру есебінен мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруға арналған ұйымдар арасындағы конкурсты (бұдан әрі - Конкурс) Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі ұйымдастырады (бұдан әрі - Конкурсты ұйымдастырушы).

Конкурс өткізу туралы шешім, Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білімді мамандар даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру жөніндегі конкурста қатысу үшін конкурстық құжаттамалар тізбесі (бұдан әрі - Конкурстық құжаттамалардың тізбесі) және осы Тізбеге кіретін құжаттардың нысандары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің (бұдан әрі - Министр) бұйрығымен бекітіледі.

5. Конкурс өткізу туралы хабарландыру республикалық басылымдарда мемлекеттік және орыс тілдерінде алдағы оқу жылына жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білімді мамандар даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысының көлемі бекітілген күннен бастап он күн ішінде жарияланады .

6. Конкурс өткізу үшін 11 адам құрамында Комиссия құрылады. Комиссия құрамы Министрдің бұйрығымен бекітіледі. Комиссия төрағасы Министр болып т а б ы л а д ы .

7. Комиссия өз жұмысында "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңын , басқа да нормативтік құқықтық кесімдерді, сондай-ақ осы Нұсқаулықты басшылыққа алады.

8. Комиссия мәжілісі оның төрағасы бекіткен жоспар бойынша өткізіледі және онда жалпы мүшелер санының 2/3 астамы қатысса заңды деп есептеледі.

9. Комиссия шешімдері мәжіліске қатысушы Комиссия мүшелерінің көпшілік жәй ашық дауыс беру арқылы қабылданады және хаттамамен ресімделеді, оған барлық комиссия мүшелері қол қояды.

Комиссия шешімі соңғы шешім болып табылады.

3. Конкурстық өтінімдерді ресімдеу, беру және қабылдау

10. Конкурсқа осы нұсқаулықтың 2 және 3-тармақтарында көрсетілген ұйымдар (бұдан әрі - Конкурсқа қатысушы) қатыса алады. Конкурсқа қатысушылардың өтінімдері хабарландыру жарияланған күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде беріледі.

11. Конкурсқа қатысушы дайындаған конкурстық өтінім мемлекеттік және/немесе орыс тілдерінде беріледі.

12. Конкурстық өтінімде конкурстық құжаттамалардың тізбесіне сәйкес құжаттар болуы тиіс.

13. Конкурстық өтініштер қабылдау мерзімі аяқталғанға дейін Конкурсты ұйымдастырушы конкурстық құжаттамаларға конкурс шарттарын елеулі өзгеріске соқтырмайтын түзетулерді енгізе алады. Ол туралы конкурсқа қатысушыларға міндетті түрде хабарланады.

14. Конкурсқа қатысушы конкурсқа қатысуға өзінің өтінімін дайындаған кезде енгізілген түзетулерді ескеру үшін Конкурсты ұйымдастырушы конкурстық өтінімдер беру мерзімін кейінге қалдыра алады.

15. Құжаттар пакеті толық емес немесе дұрыс ақпарат бермеген, Нұсқаулықты бұза отырып ресімделген немесе конкурстық құжаттамаларда белгіленген нысандардан ауытқу болған жағдайда конкурстық өтінім қаралмайды.

16. Конкурстық өтінімге кіретін құжаттарға ұйымның бірінші басшысы қол қойып, елтаңбалы мөрмен расталуы қажет және конкурсты өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген тәртіпте ұсынылады.

17. Конкурстық өтінімді конкурс өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген сағат пен күннен кешіктірмей конкурсты ұйымдастырушының қабылдауы тиіс. Конкурстық өтінім беру мерзімі өткеннен кейін түскен конкурстық өтінім кешігу себептеріне қарамастан қаралмайды. Конкурстық өтінімге оларды беру мерзімі аяқталғаннан кейін қандай да бір өзгерістер енгізуге рұқсат етілмейді.

18. Конкурстық өтінім конкурстық құжаттама талаптарына мынадай жағдайларда сай келеді деп есептеледі:

тізбеге сәйкес барлық қажетті құжаттар берілгенде;
берілген құжаттары бойынша Конкурсқа қатысушы белгіленген талаптарға сәйкес конкурсқа қатысуға құқылы.

4. Конкурсты өткізу

19. Комиссия конкурстық өтінімді қарап, олардың конкурстық құжаттама талаптарына сәйкестік деңгейін анықтайды және оларға баға береді.

20. Комиссия Конкурсқа қатысушыдан қосымша немесе нақтылайтын ақпарат сұрата алады.

21. Ұйымдардың конкурстық іріктеу шарттары мен өлшемдерін анықтау кезінде Комиссия мынадай көрсеткіштерді басшылыққа алады:

білім беру процесінің кадрлық және материалдық-техникалық қамтамасыз етілуі және педагогикалық қызметкерлердің біліктілік деңгейі;

оқу, оқу-әдістемелік әдебиеттермен және өзге де ақпараттық ресурстармен қамтамасыз етілуі;

ғылыми әлеуеті және олардың жүргізетін ғылыми-зерттеулерінің деңгейі;
білім алушыларды жатақханамен, қоғамдық тамақтандыру, дәрігерлік қызмет көрсету орындарымен қамтамасыз ету мүмкіндігі;
мемлекеттік білім беру тапсырысын орындауға қатысуы;
бітіруші түлектерінің сұранысқа ие болуы;
инновациялық технологияларды енгізуі.

22. Жоғары кәсіптік білімді мамандар даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруға конкурс өткізу кезінде Комиссия мамандық бойынша оның ең аз көлемі кемінде 10 (он) мемлекеттік білім гранты болуы керектігін шарт етіп қояды.

23. Конкурс жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білімнің әрбір мамандығы бойынша бөлек өткізіледі.

24. Комиссия конкурстық өтінімдерді салыстыру және бағалаудың негізінде, конкурс шарттары бойынша жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білімді мамандар даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылуы мүмкін болатын Конкурс қатысушылар тізбесі туралы шешім қабылдайды.

Конкурс қорытындысы Министрдің бұйрығымен бекітіледі.

25. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білімді мамандар даярлаудың мемлекеттік білім тапсырысы берілетін ұйымдар тізбесі мен нақты мамандықтар бойынша әрбір ұйымға бекітілген мемлекеттік тапсырыс көлемі тиісті білім беру және ғылыми ұйымдарға құжаттар қабылдау басталарға дейін республикалық баспасөзде жарияланады.

26. Қазақстан Республикасының азаматтары емес қазақ ұлтының өкілдеріне, жоғары оқу орындарына қабылдау квота шеңберіндегі, сондай-ақ мемлекетаралық келісім бойынша оқуға келген шетелдік азаматтар және жетім балаларға арналып көзделген мемлекеттік білім гранттары көрсетілген бойынша тұлғалар санатының ішінен мемлекеттік білім грантының иегерін қабылдау қорытындысы бойынша конкурста жеңіп шыққан жоғары оқу орындарына орналастырылады.

"Республикалық бюджеттен қаржыландыру есебінен конкурстық негізде мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру туралы нұсқаулықты бекіту туралы"

Қазақстан Республикасы

Білім және ғылым министрінің

2004 жылғы 21 сәуірдегі

№ 341 бұйрығымен бекітілген

Жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білімді мамандар даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру конкурсына қатысуға арналған конкурстық құжаттамалардың тізбесі

1. Ұйымның өтінімі.
2. Ұйымның анкетасы.
3. Ұйымның ақпараттық картасы.
4. Мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру туралы ұсыныстар.
5. Заңды тұлға ретіндегі мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесі.
6. Білім беру құқығына берілген лицензияның көшірмесі (қосымшаларымен).

7. Мемлекеттік аттестаттаудан өткені туралы бұйрықтың көшірмесі.
8. Аккредитация туралы куәліктің көшірмесі (мемлекеттік емес ғылыми ұйымдары үшін).
9. Оқу процесіне инновациялар, қазіргі ақпараттық технологиялар мен оқу құралдарын енгізу туралы мәліметтер (ерікті түрде).
10. Банктің (банктердің) алдында кешіктірілген берешегінің жоқтығы туралы банктің (банктердің) анықтамасы.
11. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеу және жинақтаушы зейнетақы қорларына аударымдар бойынша кешіктірілген берешегінің жоқтығы туралы тиісті салық органының белгіленген нысандағы анықтамасының түпнұсқасы немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі.